



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы «09» 01

№ 210-1-24-2/20

Ақтөбе қаласы

город Актөбе

**Банкроттық басқарушыны
шеттету және
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12 бабының 7 тармағы 2 тармақшасына, 93-бабының 4 тармағына сәйкес және "АССАНА-Стройрем-Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 031140002661) 2023 жылғы 22 желтоқсандағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімі негізінде, БҰЙЫРАМЫН:

1. "АССАНА-Стройрем-Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы Қалижан Мустаевич Утемуратов банкроттық басқарушы өкілеттіктен шеттетілсін.

2. "АССАНА-Стройрем-Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы болып Ерлан Бекмурзаевич Картбаев тағайындалсын.

3. Ерлан Бекмурзаев Картбаевке Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес банкроттық басқарушы міндеттерін атқару жүктелсін.

4. Банкроттық басқарушы Ерлан Бекмурзаевич Картбаев Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

5. «Банкроттық басқарушы тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2023 жылғы 02 ақпандағы №79 бұйрығының күші жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшының орынбасары Асылбек Толыбаевич Калменовқа жүктелсін.

Басшы

Жаканов А.Ж.